

Ж. СУЛЕЙМЕНОВА, А. ЕРГЕШБАЕВ

## ШЫМКЕНТТІҢ КЕЙБІР ШЫҢЫЛТЫРЛЫ ҚЫШ ҮДЫСТАРЫНДАҒЫ ТАМҒА-БЕЛГІЛЕР

Шымкент қалашығының кейінгі ортағасырлық қабаттарынан жиналған көптеген қыш-үдистарды жүйелуе барысында, кейбір сыйыктарда шикі үдисқа тырналып сзылған белгі-тамға тәріздес түрлі сзықтар кездесті. Олардың басым көшілігі шыңылтырлы табактардың табандарында, үдис бүйірінде немесе үдис бүйірі мен табандында қатар бейнеленген. Олар ұлкен қосу (+) немесе (Х)-тәріздес, (III)-ұш вертикалды сзық, (Ш)-әріпіне ұқсас және т.б түрлі айқасқан сзықтар. Бұл белгілер біздің керамикалық кешенде тек бірнеше шыңылтырлы табактарда кездеседі. Белгі немесе таңбалардың барлығы шикі үдисқа өткір затпен тырналып салынған. Олар табак табандарының бетін толықтай алып тұрса, кейбірі ортасына шағын көлемде орналасырылған (1-сурет).

Мұндай таңбалар ертеректегі қыш-бұйымдарда, әсіресе асханалық құмыралар мен су тасуға арналған үдистарда жиі кездесіп, олар көбінесе үдистардың ұстағыштарында немесе ұстағыштарының тәменгі жағында және үдис бүйірінде бейнеленген. Осы кезеңнің белгілеріне немесе таңбаларына ұқсас Қазақстанның басқа да қалаларының кейінгі ортағасырлық қабаттарынан алынған үдистар да бар. Фалымдар бұл Арыс өзені бойындағы ескерткіштерден табылған белгі немесе таңбаларды ұш топқа бөліп карастырған, олар а) шикі бұйымға өткір затпен немесе саусақпен тырнат салынған, б) жабыстырылған шығынқы, в) күйдірілгеннен соң тырналып салынған. Кейбір белгілер қайталанған. Мысалы Алтынтөбенің жоғарғы құрылымы қабаттарындағы бөлмелер мен түрғын үй кешендерінде алынған (I, II, III –) тәріздес сзықтар мен (+) қосу тәріздес сзықтар жанұяның жеке меншіктік екендігі туралы белгіні білдірсе, кейбіреулері тіл-көзден сақтау символикасы дегенді алға тартады. Мысалы асханалық құмыра ұстағышының тәменгі жағына (III) – ұш қатарлы сзық үдистері күйдіргенге дейін өткір затпен тырнат салынған, ол түрлі жаман нөрседен сақтасын деген


белгіні білдірсе, ұстағыштың үстіндегі қосу (+) тәріздес белгі ол тапсырушуның өзіндік жеке белгі екендігін білдірген.<sup>1</sup>

Орта Сырдариядағы Сидак қалашығындағы ерте ортағасырлық керамикалардағы таңбалар мен суреттерді зерттеген ғалымдардың пайымдауыша қарапайым, ұқыпсыз орындалған тамғаларды (-) тапсырушуның айтуымен жасалынғандығын айтады. Сидак қалашығындағы тамғалар көбінесе хұмдардың, құмыралардың, сирегірек хұмшалар мен ернеуі кең көзелердің иықтарында бейнеленген немесе құмыра ұстағыштарының тәменгі жағында және де өте сирегірек ыдис табандарында орындалған. Ғалымдар кейбір тамғаларды магиялық функциялармен байланыстырып, Сидактағы тамғалардың көп мөлшерде кездесу себебін жақын маңдағы адамдардың атақты хибадатханаларға үдистарға толы азық, құмыралармен шарап, хұмдармен бидай әкелуімен байланыстырады. Сонымен қатар кейбір әріптер тәріздес белгілерді үй егесі мен жанұяның меншігін білдіретін арнайы тапсырыспен орындалғандығын алға тартады.<sup>2</sup> Бұл жерде айта кететін жайт, көріп отырғанымыздай, ерте ортағасырлық қыш-құмыра бұйымдарында тамғалар көбіне үдистерін жоғарғы болігінде орналасқан. Ал зерттеліп отырған Шымкент қалашығының кейінгі ортағасырлық қыш үдистарында тамғалар үдистардың жоғары болігінде кездеспейді, алайда мұлдем жоқ деп дөп басып айту киын. Тамғалардың әр кезеңде үдистерін әр болігінде орналасуы олардың мәнінің әртүрлілігін білдіруі де мүмкін.

Отырар қалашығының кейінгі ортағасырлық қабаттардан алынған қыш үдистарында тамғалар жиірек үдистардың ішкі бетінде және табандарында кездескен. Сырланбаған үдистарда – хұмдарда, ернеуі кең көзелерде, кеселерде (-) белгілер өткір затпен орындалған. Ол жетерліктер төрөн және анық етіліп түрлі көлемде ең кішіден бастап (-) үдис табандарының барлығын алып тұрған сзықтар. Сондай-ақ белгілер сирегірек үдистерін табандына жақынырак, бүйірінде орналасқан. С.М. Ахынжанов Отырардың тамғаларын

<sup>1</sup> Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана (I тысячелетие н.э.). Алма-Ата, 1989.-С.-142-151.

<sup>2</sup> Смагулов Е.А., Яценко С.А. Тамги и рисунки на керамике городища Сидак на Средней Сырдарье // Туран-Туркестан: проблемы культурно-исторической преемственности. Древность и средневековье. Туркестан, 2006.-С.246-268.



Сурет. Табақ табандарында және сыртқы бүйірінде сыйылыш орындалған тамға-белгілер

зерттей келе (— I, II, X, +) төріздес белгілерді қазақ рулары мен тайпалардың тамғаларымен байланыстырыған. Мысалы тік бір (I) сыйыкты (көсейу) Ұлы жүздің, қанлы және ысты тайпаларының тамғасы болса, келесі бір (—) тік екі таяқша II Кіші жүздің тамасы мен қыпшақ тайпасының жалпы қабылданған тамғасы болған. Ал айқасқан X немесе қосу (+) төріздес сыйыктар Орта жүздің керейлердің, Ұлы жұз сіргелі және Кіші жұз төлеу жалпытайпасының тамғасы болған. Сонымен қатар ғалым Отырар керамикасындағы белгілерді басқа да Онтүстік Қазақстанның көршілес аудандарымен салыстыра отырып белгі-тамғалардың діни-магиялық функциялармен байланысты болуы мүмкіндігін айта кетеді, оның пайымдауыша, белгілер тіл-көздерден, жаман нәрселерден сактайдын және т.б. магиялық құштермен теңескен, сол сиякты есептеу ынғайлылығы мүмкіндігін атап өткен.<sup>3</sup>

Кейінгі ортағасырлық қыш ыдыстардағы тамғалар белгілі бір түлғаға меншіктілігін білдіруі де өбден мүмкін. Е.А. Смағұлов кейінгі ортағасырлық Отырар керамикаларының тамға-белгілерін зерттеуінде, бір ернеуі кең көзенің иығындағы бейнеленген белгілерді салт-дәстүрдің атрибуты ретінде қарастырыған. Бұл ыдыстағы ұштары қосылған үш сыйық және екі айқасқан сыйық көзенін екі иығына қарама-қарсы бейнеленген. Бұл екі адамның бір ыдыстан тамақ немесе сусын ішіп, бір ортақ шешімге немесе келісім-шарт жасауда

қолданылған ыдыс, ал белгілер сол дәстүрді орындаушы түлғалардың белгісі немесе иесіне тәуелді тегінің тамғасы болғандығын алға тартады.<sup>4</sup>

Талдай келе қыш-құмыра бүйімдарындағы тамға-белгілер әр кезеңінің өзіндік әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты болды деп пайымдауға болады. Ерте ортағасырлық тамғалар ғалымдардың айтуынша қебіне олардың діни-наным сенімдеріне байланысты болса, бертін келе бұл дәстүрлер сактала тұра, жана әлеуметтік ахуалға байланысты басқа да мәнге ие болуы мүмкін. Мысалы, белгілі бір меншік немесе рудың белгісі ретінде.

Сонымен қатар мұндай тамға-белгілер тікелей қыш-құмыра шеберінің арнайы белгісі ретінде таралуы да мүмкін. Е.А. Смағұлов қарапайым белгілерді манызы бойынша екі топқа бөліп қаралған: а) шебердің қыш-ыдыстарды құйдіру барысында тіл-көзден, бәле-жаладан сактасын деген сеніммен кейір ыдыстарға қойған белгісі ретінде; б) қыш-құмыра шеберлерінің жеке белгі-маркасы ретінде.<sup>5</sup> Алайда, Шымкент қалашығының кейінгі ортағасырлық қыш ыдыстарындағы белгі-тамғаларында біркелкілік байқалмайды, яғни оларды сол кезеңінің қыш ыдыс өндірісіне тән нәрсе ретінде және белгілі бір шебердің арнайы белгісі ретінде қарастыру қыын. Ол тамға-белгілер шеберлермен, жоғарыда атап өткендей, тапсыруышының қалауын қанағаттандыру мақсатында орындалып отыруы да мүмкін.

<sup>3</sup> Ахинжанов С.М. К вопросу о знаках на керамике позднесредневекового Оттара // Древности Казахстана. Алма-Ата., 1975.-С.49-59.

<sup>4</sup> Смагулов Е.А. К изучению знаковой системы позднесредневекового Оттара // Известия Академии наук Казахской ССР: Серия общественных наук.- 1976.- №6.- С.58-64.

<sup>5</sup> Сол жерде, 63-б.